

Б.А. Еркінбекова * , Б.Қ. Исабек 

Ө. Жәнібеков атындағы педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: bota_77_22@mail.ru; barsha73@mail.ru)

Созақ көтерілісінің тарихы: себептері мен нәтижелері

Ғалымдардың әртүрлі көзқарастары орын алған 1920 жылдардың аяғында индустрияландыру мен жаппай ұжымдастырудың басталуымен Қазақстанда айтарлықтай өзгерістер орын алды. Большевиктердің билікке келуімен байланысты болған зорлық-зомбылық, езгі, жаппай қуғын-сүргін саясаты бірқатар қарулы көтерілістердің орын алуына әкелді. Азаматтық соғыс және ұжымдастыру жылдарындағы халық толқулары көп болды. XX ғасырдың 20 жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында әртүрлі қарқындылықпен бүкіл КСРО-да халықтық көтерілістер басталды. Оңтүстік Қазақстан облысы Кеңес өкіметіне барынша қатал қарсылық көрсеткен өңірлердің бірі болды. Осындай көтерілістердің бірі — Созақ көтерілісі 1928-1930 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданындағы Кеңес өкіметінің саяси және экономикалық шараларына қарсы халықтық қозғалыс. Бұл қозғалысты зерттеу тек қана бұл көтеріліс туралы ақпаратты жинауға, талдауға және ретке келтіруге ғана емес, сонымен қатар халықтың большевиктерге қарсы көтерілісінің дәрежесі мен формалары туралы сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді. Зерттеудің негізгі мақсаты — Созақ ауданындағы Созақ көтерілісінің алғышарттарын, мазмұны мен ерекшеліктерін зерттеу және сипаттау. Мақалада көтерілістің басталуына алып келген большевиктер саясатының элементтері, көтерілістің себептері, барысы және сипатына, сонымен қоса көтерілісшілердің жеңілуіне әкелген факторларға талдау жасалған. Авторлар Созақ көтерілісінің алдын алуға, көтерілісті окшаулауға және жоюға бағытталған кеңестік және партиялық органдардың әрекеттерін талдайды. Сонымен қатар ұжымдастыру және тәркілеу кезеңіндегі халықтық қозғалыстың негізгі бағыты анықталған, кеңес және партия қызметкерлерінің, олардың жақтастарының халықтың наразылығымен күресуге бағытталған алдын алу, сондай-ақ көтерілісшілерге тойтарыс беру шаралары талданған.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, Созақ көтерілісі, Созақ ауданы, ұжымдастыру, ұлт-азаттық қозғалыс, шаруалардың қарулы көтерілісі, шаруашылық.

Кіріспе

Өзімізге белгілі, XX ғ. 20 жылдарының аяғы — 30 жылдарының басы кеңестік бұқара халқы үшін түбегейлі өзгерістермен белгілі болды. Бұл өзгерістер халықтың игілігі үшін оң нәтиже бермей, керісінше, ауыртпалыққа алып келді. Осындай трагедиялық ауыртпалық 1927 ж. қыркүйекте өткен КСРО Компартиясының XV съезінде бастау алды. Бұл съезде ауылшаруашылығын ұжымдастыру бағытына көшу туралы шешім қабылданған болатын. Мұндай ұжымдастыру науқанын күштеу әдісі арқылы жүзеге асырылды, қазақ халқының көпғасырлық салттық дәстүрі ескерілмей қалды. Нәтижесінде, бұл науқанның зардабын ауқатты топтармен қатар, қазақ қоғамында айрықша орын алатын текті әулеттің ұрпақтары мен ақсүйектер де, дін өкілдері де тартты. Ұжымдастырумен қатар жүрген байлардың мал-мүлкін тәркілеу саясаты жүзеге асырылып қана қоймай, әлеуметтік топ өкілдерін түрлі санаттарға бөліп, облыс ішінде, республика аумағында және Қазақстаннан тыс аймақтарға жер аудара бастады. Халыққа жасалған шектен тыс қысым саясаты кеңестік билікке қарсы толқулар мен көтерілістердің орын алуына әкелді. Мысалы, зерттеуші Т.К. Алланиязовтың пікірінше 1929-1931 жж. толқулардың саны 397-ге жеткен және оның 25-і қарулы көтеріліс (80 мың адам қатысқан) сипатында болған [1; 99].

Сондықтан қазіргі заманғы отандық және шетелдік тарихнамада Қазақстандағы ұжымдастыру науқанымен байланысты мәселелердің бірі — халықтың қарулы көтерілістері мәселесі саналады, осындай көтерілістердің қатарында Созақ көтерілісінің маңызы жоғары. Себебі, Қазақстандағы жаппай ұжымдастыру жылдарының өзінде-ақ аталған оқиғалардың ішінде Созақ көтерілісі өзіндік ерекшеліктерімен көзге түседі. Егер басқа көтерілістердің негізгі ұйытқысы және соққы беруші күші ортақ шаруалар болса, Созақ көтерілісіне тама руынан шыққан ауыл кедейлері мен батырақтары айтарлықтай белсенділікпен қатысқан болатын, ал кеңестік билік өкілдері бұл Созақ көтерілісінен тек

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: bota_77_22@mail.ru

қана бандиттердің (архив құжаттарында бандиттер деп беріледі) қолтаңбасын көрген. Бірақ, көтеріліске қатысушылар өздерін бандиттерміз деп ойлаған жоқ, керісінше әділдік және азаттық жолында күресушілерміз деп білді. Жаппай ұжымдастырудан туындаған шолақ белсенділердің асыра сілтеулері: байларға орташаларды қосып тәркілеу, бас көтертпес жеке алымдар алуға құнығу, ет, мақта және жүн даярлау деген науқандардың арандарының ашыла түсуі, колхозға зорлап кіргізу, колхоздан қашқан кедейді — кулак, орта шаруаны — бай қатарына жатқызу, ұлттық және діни дәстүрлерді кемсітіп қорлау — осылардың барлығы жергілікті халықтың өзара шоғырлана түсуіне, Созақ көтерілісіне іш тартып көтерілісшілердің төңірегіне топтасуға өзінен-өзі итермеледі.

Материалдар және әдістері

Мақаланың деректік материалдарын ҚР Президенті Архивінің 141-қорының 2968-інші және 5052-інші істері, 471-ісі (тізбе — 17), Шымкент қалалық Мемлекеттік архивінің 93-74 қорының құжаттары құрайды. Бұл құжаттардың қатарында Сырдария округіне қарасты Созақ ауданындағы жағдайлар туралы Қазақ әскери комитеті басшысының баяндамасы, Созақ ауданы бойынша мүліктерді тәркілеу бойынша ісі бар. Құжаттардың мазмұнында Созақтағы байларды тәркілеу, ауданды ұжымдастыру, аудандағы астық және мақта дайындау т.б. мәселелер бойынша құнды мәліметтер сақталған.

Мақаланы жазу барысында тарих ғылымының негізгі принциптері — историзм, объективтілік және жүйелілік принциптері басшылыққа алынды. Бұл принциптер Созақ көтерілісіне қатысты оқиғаларды, құбылыстар мен фактілерді талдау барысында негізге алынды. Кеңес өкіметінің жүргізген іс-шараларына қарсы бағытталған Созақ көтерілісінің себептері мен нәтижелерін зерттеу барысында тарихи және жалпы ғылыми танымның әдістері қолданылды. Осы әдістердің қатарынан Созақ көтерілісінің негізгі себептерін анықтауға мүмкіндік берген талдау және синтездеу әдістері пайдаланылды. Көтеріліске қатысты фактілер мен үдерістер туралы түсінік қалыптастыруда сипаттау әдісі қолданылды, ал осы сипаттау мен талдауды дәлелдеу барысында архив құжаттарын қолдану үшін құжаттық-иллюстративті әдіс пайдаланылды. Аталған әдістерден басқа, тақырыпты зерттеу барысында басқа да арнайы тарихи әдістер — мәселелік-хронологиялық және салыстырмалы-тарихи әдістері қолданылды. Бұл әдістер Созақ көтерілісінің себептерін, барысын және нәтижелерін анықтауға мүмкіндік берді. Созақ ауданындағы байлардың мал-мүліктерін тәркілеу және ауданды ұжымдастыру қарқынын, сандық көрсеткіштерін анықтауда статистикалық әдіс қолданылды.

Нәтижелері

1928 ж. 27 тамызындағы Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халықтық Комиссарлар Кеңесінің бірлескен отырысында республикадағы ірі байлардың шаруашылығын тәркілеу және оларды жер аудару жөніндегі декрет қабылданған болатын. Бұл декреттің кіріспе бөлімінде Қазақстанда, соның ішінде ауылдарда әлі күнге дейін қоғамдық-экономикалық қатынастардың өзгермегендігі және мұнда ауылдар мен қыстақтардағы Кеңес билігінің негізгі іс-шараларын жүргізуге кедергі жасап отырған байлардың басты рөл атқаратындығы туралы атап көрсетілген [2]. Бұл декретке сәйкес көшпелі аудандарда 400 бастан астам малы бар (ірі қараға шаққанда), жартылай көшпелі аудандарда 300 бастан астам, отырықшы аудандарда 150 бастан астам малы бар ең бай адамдар тәркіленуге ілініп, жер аударуы тиіс болды. Еңбек шаруашылығын жүргізу үшін жер аударғандардың меншігі үшін жанұяның бір жанына есептегенде 5 малдан, бірақ бір шаруашылыққа 25 малдан аспауы керек, жартылай көшпелі аудандарға 3 бас (бір жанұяға 16 бастан аспауы керек) болуы керек. Ірі байлар, жартылай феодалдармен қатар халық ішіндегі бұрынғы ақсүйек топтар: сұлтандар мен хандардың ұрпақтары, ежелден ел билеп келген бұрынғы болыстардың мал-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударуға тиіс болды. Осы жағдайлар далалық көшпелі аудандар қатарына жатқызылған Созақ ауданы үшін басқа аудандармен салыстырғанда қатал әрі ең дөрекі түрде көрініс тапты. Бастапқыда Созақта ірі бай деп үш адам бірінші топқа, екінші топқа екі адам енген тізім бақылауда болған. Бірінші тізім бойынша Исаев Жанәділ, Тіленшиев Дүйсебай, Аппақов Дайырбек, екінші топқа Оспанов Көкебай, Құлжаев Қоңыр — барлығы бес бай тәркіленуі тиіс болған. Соңынан, белсенділердің әрекетімен бұл тізімнің саны сегізге жетіп, тәркілену басталған [3; 50].

Осымен бірге, Созақ ауданындағы байлардың мал-мүлкін тәркілеу үдерісінің өзіндік ерекшеліктері де болған. Бұл ерекшелік мақта және астық даярлау бойынша орындауы қиынға соғатын жоспар енгізумен байланысты. Бұл туралы Сырдария округының Созақ ауданындағы оқиғалар туралы Қазақ әскери комитетінің басқарушысының баяндамасында «...плениме райкома ВКП(б) было решено приступить к ликвидации байства, хотели провести это мероприятие

своеобразным путем – наложения непосильных планов по хлопкозаготовкам, хлебозаготовкам. Баи, не выполнившие задание, подлежали ликвидации. В Сузаке, в связи с хлопкозаготовками, было конфисковано имущество у 12 баев, последние же были арестованы ГПУ. В Чулак-Кургане конфисковано имущество 15 баев, причем забрано было решительно все имущество, вплоть до домашней утвари, одежды, печек, не оставляя никаких запасов продовольствия, что породило сочувственное отношение, отношение жалости к этим баям. После этого население (средняки, бедняки и даже батраки) организовали сбор пострадавшим баям. Причем, в Сузаке из 12 баев, до которых были доведены планы по хлопкозаготовкам, вовсе не занимались хлопководством» [4] деп көрсетілген.

1928 ж. 2 қарашада Созақтағы байларды тәркілеу бойынша жиналыстың (жиналысқа қатысқан батырақтар саны — 274, әйелдерден — 3, партия мүшесінен — 34, жастар мүшесінен — 31, пионерлерден 57 адам қатысқан) хаттамасына сәйкес байлардан алынған мал саны келесідей: Абақов Дайырбектен 819 ірі қара, Тленшиев Даулетбектен 166 ірі бас мал, Оспанов Көкібайдан 17 бас, Исаев Жанәділден 55 бас мал алынған. Бәрі — 1055 бас мал, оның ақшалай құны 2782 сом 52 тиынды құраған [5].

Созақтағы байлардың мүліктерін тәркілеумен қатар, ауданды ұжымдастыру үрдісі жүргізілгені белгілі. Көтеріліс қарсаңындағы Сырдария округының Созақ ауданындағы оқиғалар туралы Қазақ әскери комитетінің басқарушысының баяндамасына сәйкес, Созақ ауданы малшаруашылығы, жартылай көшпелі және көшпелі аудандардың бірі болып саналады. Бұл архив құжатында «Сузакский район является преимущественно скотоводческим, полукочевым и кочевым районом. В последние годы развивается процесс оседания и перехода к земледельческому труду. Так, например, за один год посевная площадь увеличилась около 88%. В 1928–29 гг. всего посевов было 4502 га, а в 1929–30 гг. – 7220 га. В текущем году было намечено также резкое повышение посевной площади. Всего в районе около 8 тыс. хозяйств, индивидуально облагаемых в 1928–29 гг. было 114, в 1929–30 гг. – 229 хозяйств, что составило около 3% к общему количеству хозяйств. Освобождено от уплаты сельхозналога в 1928–29 гг. было 2903 хозяйств, в 1929–30 гг. – 4016, что составляет свыше 50% к общему количеству хозяйств. Исчислено сельхозналога в 1928–29 гг. было 110 540 руб., в 1929–30 гг. – 101 185 руб.» [4] деп көрсетілген. Осылайша, Созақ ауданында 25 ақпанға қарай шаруашылықтың 85 пайызын, ал жыл соңына қалған шаруашылықтарды ұжымдастыру жоспарланған.

Көтерілістің қарсаңында, яғни 5 ақпанда Созақта жиналыс өткен болатын, бұл жиналыста барлық азаматтардың ұжымдық шаруашылықтарға, артелдер мен коммуналарға кіру қажеттіліктері туралы резолюция қабылданған. Бұл жиналысқа дейін Созақта 2 ұжымдық шаруашылық болған, оған ауылдағы 800 шаруашылықтың 70 мүшесі кірген. Осымен қатар, Созақта астық және мақта даярлау науқаны да қатаң түрде жүрген. Бұл жөнінде Созақ ауданындағы оқиғалар туралы Қазақ әскери комитетінің басқарушысының баяндамасында астық даярлау жөнінде «План хлебозаготовок по Сузакскому р-ну менялся три раза. Первый план составлял 10 000 пудов, второй план — 15 000 пудов, третий — 25 000 пудов. Всего же заготовлено 48 000 пудов. План доводился в некоторых аулах до кулацко-застойных хозяйств, в других и до середняцких дворов. Хлебозаготовки выполнены без особых затруднений. Всего за весь период хлебозаготовок арестовано лишь два человека» деп көрсетілсе, мақта дайындау жөнінде «Несколько иную картину представляют хлопкозаготовки. Всего по р-ну план составлял 5366 пудов, Сузак — 3000 пудов, Чулак-Курган — 1500 пудов, аул № 5 — 500 пудов. Хлопкозаготовки начали проводиться с 23 января, Сузак до выступления заготовил всего лишь 400 пудов. В связи со слабостью хлопкозаготовок было решено провести поголовные обыски, для проведения этой работы было мобилизовано 50 членов ВКП(б) и ВЛКСМ. Было много случаев, когда хлопковата вытаскивалась из одеял. Обыски были прекращены по заявлениям местных работников только потому, что «хлопок оказался старым, а кооперация отказывалась от его приема» [4] деп көрсетілген. Бұл баяндаманың мазмұнынан астық дайындауға қарағанда, мақта дайындау бойынша қиындықтардың болғандығын көре аламыз.

Осылайша, көтеріліске итермелеген себептердің бірі — партия комитеттері жанынан құрылған, байларды тап ретінде жойып жіберуді мақсат еткен «үштіктердің» (олардың құрамына аудандық партия комитетінің хатшысы және атқару комитетінің төрағасы, БМСБ — Біріккен Мемлекеттік Саяси басқарма бастығы кірді) белсенді де қатал әрекеттері байларды малдан айырумен және абақтыға жабумен шектелмей, оларды шұғыл да төтенше түрде жер аударуға көшуімен байланысты болды.

Созақ көтерілісі 1930 ж. 7-18 ақпан аралығында жүрді. Созақ ауданындағы жергілікті биліктің Рамазан айында мұсылмандарға діни рәсімдерді жүргізуге тыйым салуы көтерілістің басталуына түрткі болған.

1930 ж. 7 ақпанында, таңертең көтеріліске шыққандар (шамамен 400 адам) аудан орталығы Созаққа кіріп, Шолаққорған (Түркістанның солтүстік-шығысында) және оған жақын орналасқан ауылдарды басып алған. Осы кезде көтерілісшілер Созақтағы барлық аудан басшыларын, соның ішінде партия аудандық комитетінің хатшысы К. Джунусбековты және аудандық атқарушы комитет төрағасы Д. Қанлыбаевты өлтірген [6].

1930 ж. 7 ақпанда Созақты басып алғаннан кейін, 200 адамнан құралған Мадияр Алтыбаев отряды Созақтың оңтүстік-шығыс бағытындағы Шолаққорған маңындағы 3, 5, 6-ауылдарды аралап, көтерілісшілер санын көбейтуге жіберілді [7]. Созақта көтеріліс басшылары арнайы штабпен 20 беделді және діни адамдардан хан кеңесін құрады. Хан кеңесінің шешімімен арнайы ұстахана ашылып, қару-жарақ дайындау басталуымен қатар 18-35 жас аралығындағы азаматтарды көтерілісшілер қатарына қосылуға шақырған үндеу таратылады. Әскер қатарына шақыру іс-шараларының жүргізілу барысын кейіннен хан ставкасынан табылған құжаттар дәлелдей түседі. Құжаттарда қай рудан қанша адам, мал, қару жиналғаны туралы тізімдер бар. Бұндай жұмыстар көрші Түркестан, Шаян, Жаңақорған аудандарында көптеп жүргізіле бастайды [8; 101].

Сонымен қатар, көтерілісшілерге тама, найман рулары өкілдері қолдарында бар қаруларымен келіп қосылып отырған. Үгіт-насихат жұмыстары көрші Қызылорда округінде де жүргізілді. Аталған округтің Шиелі ауданының Тартоғай, Бәйгекұм елдімекендерінен 10 шақырым жердегі Тоспақұм маңына көшіп келген 100-ге жуық қожалықтардың кері қайтып, көтерілісшілерге қосылуы туралы жұмыстар жасалды [8; 102].

Көтерілістің хабары тиісімен БМСБ (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма) органдары казак ауылын нашар білетін еуропалық жастардан және сауатсыз шолақ белсенді аталғандардан көтерілісшілерді жоюға бағытталған коммунистік отрядтар құра бастады. Қозғалысты басуды ұйымдастыру сол кездегі Сырдария округінің өкілетті өкілі Журавлевке жүктелді, оған көмекке Түркістанға қызметкерлер мен агенттер жіберілді [7]. 9 ақпанда сағат 15-те Түркістанға 13 найзалы алғашқы отряд келсе, 11 ақпанда сағат 13-те МСБ (Мемлекеттік саяси басқарма) өкілінің басшылығымен құрамында 53 адам бар екінші отряд келеді. Аталған отрядтар Ащысай арқылы Шолаққорғанға аттанды. Сонымен қоса, Алматыдан Түркістанға 50 адамнан құралған пулеметпен қаруланған кавалериялық эскадронды басқарып әскери округ басшысы Логачев, сағат 16-да Шымкенттен Созаққа 53 найзалы комотрядты басқарып МСБ өкілі Абрамук те көтерілісшілерді басып жаншуға көмекке келді. Қызылордадан 20 найзалы отряд 1 пулеметпен келіп, Түркістандағы операцияға қосылды. Көрші Шаян ауданында 30 мылтықпен қаруланған комотряд, дәл осындай қызыләскерлер Талас пен Сарысуда да ұйымдастырылды [8; 102].

Соңынан, Шымкенттен жіберілген Исаевтің 25 адамнан тұратын отряды 12 ақпанда Созақтан 30 шақырым жерде шайқасқа түседі. Бұл туралы 1930 ж. 18 ақпандағы Қазақстандағы және Орталық Азиядағы БМСБ өкіліне жіберілген телеграфтық жазбада *«Высланный из Чимкента отряд коммунаров под командой Исаева в числе 25 человек 12 февраля был встречен бандой в 30 км от Сузака и отступил под натиском банды /численностью/ около 500 человек до /местности/ Когашик, что севернее в 10 км от Бабай-Кургана на р. Яны-Курган. С подходом Кзыл-Ординского отряда коммунаров с пулеметом под командованием Полякова бандиты вели бой в Когашике с обоими отрядами в течение суток 13 февраля. При нашем приближении /они/ отступили, потеряв убитыми 30 человек. Из отряда коммунаров ранено 6, убито 7 человек. Наступавший на Сузак отряд Никитенко со стороны Чулак-Кургана, что северо-восточнее в 70 км от Туркестана, 15 февраля был встречен превосходящим противником и отошел в Чулак-Курган. Никитенко был тяжело ранен деп* көрсетілген [9].

Жоғарыда аталған телеграфтық жазбаға сәйкес 16 ақпанда Ленин атындағы Ташкент әскери мектебінің отряды Қаратау тауынан асып, Созақты жан-жағынан қоршауға алаған. Осының нәтижесінде, төрт сағатқа созылған шайқастан соң көтерілісшілер жеңіліске ұшырайды. Осы кезде 316 көтеріліске қатысушы адам қаза тауып, 7 адам жарақаттанып, 276 адам тұтқынға алынған [9].

Келесі бір архив құжатында *«16 ақпанда 13 сағатта Ленин атындағы Ташкент атты әскер мектебінің бас отряды Логачевпен, Журавлевпен Созаққа шабуыл жасалды. Төрт сағатқа созылған табан тірескен ұрыстың нәтижесінде Созақ алынды, банды талқандалды. Ұрыста 300 бандит, қайталап айтамын, 300 бандит өлтірілді, тұтқынға түскендер 200. Көп жылқы, 70-тей мылтық*

және 50 данаға дейін суық қару алынды. Біздің жағмыздан шығын — екі адам жараланды, соның ішінде СредАЗВО-ның ерекше бөлімінің уәкілі Мартыненко бар, үш жылқы — оның бірі Журавлевтің астындағы өлтірілді, бес жылқы жараланды. Бас отряд Созақ ауданында жасырынған бандаларды ұстау жұмыстарын жүргізуде...» [7] деп көрсетілген. Екі архив құжатын салыстыра келе, көтерілісте қаза тапқан және тұтқынға түскен адам сандары бойынша сәйкессіздіктерді байқаймыз.

Талқылау

Зерттеуші Н.С. Байқадамов Созақ көтерілістің себептеріне байланысты мынадай пікірін білдіреді: «Көтерілістің басты себептерінің қатарына саяси-экономикалық науқандарды іске асыруды мақсат етіп қойған партия комитеттерінің жанынан құрылған арнайы «үштіктердің» асыра сілтеулерін жатқызамыз. Аудандық партия комитетінің пленумында Созақ ауданын жаппай ұжымдастыру аудандары қатарына жеткізу үшін шаруашылықтардың 85 пайызын жыл аяғына дейін ұжымдастыру тапсырмасы белгіленді. Бар мал-мүлікті тәркілеп, байлар қатарына жатқызылғандардың отбасына орындалмайтын салықтар салып, оларды түп тамырымен жоюды қолға алды. Мысалы, 1,5 десятинадан 250 пұт мақта жинау міндеттелген. Тәркілеу кезінде үй-мүліктерімен қатар жеуге жарамды тағамдарды, киюге болатын барлық киім-кешекті тартып алып, мақта жинау кезінде көрпелерді сөккізіп, мақталарын жинатқан. Үй басына белгіленген жүн салығын орындау үшін киіз және басқа тұрмыстық жабдықтарды қайта түткізіп тапсыртқан. Байлар мен кулактар қатарына орташалар, кейде кедейлер де жатқызылып, олардың мал-мүліктері тәркіленіп, өздері жер аударылды. Заң қорғау органдары науқан кезінде көп жағдайда әділдіктен гөрі таптық қағидаларға көп көңіл бөлді. Сот органдары орташалардан батрактарға 100 сом салық бекіту жөнінде үкім шығарады [8; 97].

Сонымен қоса, Н.С. Байқадамовтың пікірінше Созақ көтерілісіне тән ерекшеліктердің бірі — көтерілістің негізгі қозғаушы күші орташалар болып, оған ауыл батрактары мен тақыр кедейлердің тізе қосып, бір жағадан бас, бір жеңінен қол шығарып күреске ұйымдасқанын. Соған қарағанда көтеріліске қатысушылар әділдік, азаттық және теңдік үшін күрескен [8; 97].

Созақ көтерілісінің себептері туралы зерттеуші М. Рүстемовтің пікірінше Созақтағы халықтың көтерілуіне келесідей жағдайлар себеп болған: табиғатында көшпелі халықты күшпен ұжымдастыру арқылы Голощекин «мейлінше қысқа мерзімнің ішінде отырықшылыққа көшіру», орташаларды және тіпті кедейлерді де байлар қатарына жатқызып, мал-мүлкінен айыру, қалғандарына үстемелеп ет, астық, жүн, тағы басқа салықтар салып, халықты олардан құтылу үшін малдарын жұмсауға мәжбүр ету, сөйтіп қорек етіп отырған малдарынан түгелдей дерлік айырып, ашаршылыққа ұрындыру саясатын қолдады [10].

Созақ көтерілісінің шығу себептеріне және барысына байланысты Бәйтен Жалмұхаметов қарияның естеліктері де дерек ретінде құнды. Ол «1929 жылы Созақ ауданында уәкіл, белсенді дегендер қаптап кетті». Олар өкіметтің тапсырмасын орындаймыз дегенді бетке ұстап, халықты күйзелтті, ел намысына тиді, жорғасын мініп, сұлуын сүйсем дегенге дейін барды. Жұрттың қысылғандығы сонша, малы бар адамдар жүн салығынан құтылу үшін қыс күндерінің өзінде көп малдарын сойып жіберді. Халықтың әбіржуімен жұмысы жоқ шолақ белсенділер күн сайын сойдырып жеп, өздерінше сауық-сайран құра берді. Өзімізге қараған үш-төрт үйдің барлық қойын белсенділер етке тапсырамыз деген сылтаумен, алдарына салып айдап кетті [11; 131].

Зерттеуші С.У. Бақторазов көтерілістің ашық наразылық сипатында әрекеттер жасауына Созақ ауданының ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан және мал шаруашылығымен айналысу барысында берік орныққан әлеуметтік-шаруашылықтық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын шұғыл, күштеу жолымен өзгерту де өзіндік үлесін қосқанын атап көрсете келе, жартылай көшпелі аудан табан астында, тым қысқа мерзімде отырықшылыққа көшіп, егін шаруашылығымен айналысуы тиіс еді. Тек алғашқы бір жылдың өзінде ғана егістіктер көлемі 88 процентке шұғыл өсті: егер 1928-1929 жылдарда ол — 4502 гектар болған болса, ал 1929-1930 жылдары — 7220 гектар болды. Жеке шаруалар қожалықтарына салық салу да айдан-айға шамадан тыс өсе түсті. Олардың тек жарым-жартысы ғана ауылшаруашылығы салықтарын төлеуден босатылды. Жаппай күштеп ұжымдастыру Созақтың өзінен басталуы тиіс болды. Оның территориясында үлкен коммуна құру көзделді. Ал мұның өзі алғашқы күннен бастап-ақ жұртшылықтың наразылығына кездесті деп көрсетеді [11; 153].

Отандық зерттеуші М.К. Қозыбаев Созақ көтерілісінің себептерін қарастыра келе, «Республиканың көптеген аудандарында апатты бүліктер тұтанды. Өртеу, астық дайындау бойынша жауапкершілік жүктелген жергілікті партия және кеңестік жұмыскерлерді, белсенділерді өлтіру

жағдайлары орын алды. Билік тарапынан болған зорлыққа халықтың жауапты реакциясын тудырды. Көтерілісшілердің әлеуметтік құрамы біркелкі болды» деп атап көрсетеді [12].

Қазақстандық зерттеуші Т. Омарбековтің анықтауынша, көтерілісті басқаннан соң 311 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған, оның 88-і БМСБ үштігінің сотсыз шешімімен ату жазасына келісілген, 152 адам 3 жылдан 10 жылға еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілген, 21 адам сотталып, Сібірге айдалған, тағы 10 адам Қазақстаннан жер аударған [13].

Қазақстандық зерттеуші О. Кыргызбаев өз еңбегінде: «Созақ көтерілісінің басқарушысы Сұлтанбек Шолақовтың құрамында көтеріліске қатысушылардың саны 2384 адамды құраған. 12-16 ақпан аралығындағы шайқаста 126 адам қаза тапқан, Созақ маңындағы шайқаста 200 адам тұтқынға түскен, көтеріліс басылған соң 389 адам абақтыға қамалған» деп көрсетеді [6]. Дегенмен, көтеріліске қатысқан бұқара халықтың саны әр деректерде әртүрлі кездеседі, мысалы, 1931 ж. 22 қазандағы «1929-1931 жж. аралығындағы Қазақстан территориясындағы көтерілістер туралы БМСБ анықтамасында» (архив құжаты) көтеріліске қатысқандардың саны 2800 деп көрсетілген [14].

Қорытынды

Созақ көтерілісінің басталуына аудандағы ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан және мал шаруашылығымен айналысу барысында берік орныққан әлеуметтік-шаруашылық дәстүрлерін, әдет-ғұрпын шұғыл күштеу жолымен өгерту науқандары себеп болды. Атап айтқанда, жартылай көшпелі Созақ ауданы аяқ астынан әрі тым қысқа мерзім ішінде отырықшылыққа көшіп, егін шаруашылығымен айналысуы тиіс болды. Жаппай күштеп ұжымдастыру Созақтың өзінен басталуы тиіс болды, оның территориясында коммуна құру көзделді. Ал мұның өзі алғаш күннен бастап халықтың наразылығына кездесті. Мұндай наразылық Созақ ауданы бойынша үлкен дүрлігу туғызған қанды көтеріліске айналып, үлкен дүрлігу туғызған оқиға болды. Жергілікті және жоғарғы кеңестік өкімет орындары көтерілістің ұйымдасқан сипатынан қауіптенді. Мұның дәлелі ретінде Кеңес өкіметінің көтерілісті басу үшін Шымкенттен, Алматыдан және Ташкенттен отрядтардың жіберілуін атап өтуге болады. Созақ көтерілісі жеңіліс тапқанымен, бұл көтерілістің Қазақстан тарихындағы алатын орыны ерекше. Сондықтан Созақ көтерілісіне қатысушылардың қызметін және қосқан үлесін жаңа архив құжаттарының негізінде әліде болса толық зерттеу қажеттілігі бар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Алланиязов Т.К. История вооруженных выступлений и повстанческих движений 1929–1931 годов в Казахстане в новейшей литературе (2001–2021 годы) / Т.К. Алланиязов // Исторический курьер. — 2022. — №1(21). — С. 98–115.
- 2 Центральний Государственный архив Республики Казахстан. — Ф. Р-5. — Оп. 21. — Д. 15. — Л. 4–7.15.
- 3 Боранбай Ж. Созақ көтерілісі / Ж. Боранбай. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Көп томдық. Астана: полиграфия, 2011. — 21 том. — 336 б.
- 4 Архив Президента Республики Казахстан (далее — АП РК). — Ф. 141. — Оп. 1. — Д. 2968. — Л. 141-148.
- 5 Шымкентский Городской Государственный архив. Дело о конфискации имущества по Сузакскому району. — Ф. 93-74. — Д. 3
- 6 Кыргызбаев О. Созақ көтерілісі (деректер, естеліктер) / О. Кыргызбаев. — Алматы: Арқас. — 2003. — 148 с.
- 7 АП РК. — Ф. 141. — Оп. 17. — Д. 471. — Л. 229.
- 8 Байкадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928-1932 жж.): тарих ғыл. канд.дисс. / Н.С. Байкадамов. — Алматы, 2001. — 150 б.
- 9 Архив КНБ РК. — Оп. 189. — Д. 39. — Л. 358-358. В кн.: Насильственная коллективизация и голод в Казахстане. Сборник документов. Алматы: Фонд «XXI век», 1998. — С. 63-64.
- 10 Рустемов М. Созақ көтерілісі / М. Рустемов // Социалистік Қазақстан. — 1990. — 24 шілде.
- 11 Бакторазов С.У. Қазақстанның Оңтүстік өңірінде жүргізілген саяси қуғын-сүргін (1917-1939) / С.У. Бакторазов. — Алматы: Дарын баспасы, 2022. — 307 б.
- 12 Қозыбаев М. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски / М. Қозыбаев. — Алматы, 2000. — 417 с.
- 13 Омарбеков Т. Зобалаң: (Күштеп ұжымдастыруға қарсылық. 1929-1931 жылдары болған халық наразылығы) / Т. Омарбеков. — Алматы: Санат, 1994. — 272 б.
- 14 АП РК. — Ф. 141. — Оп. 1. — Д. 5052. — Л. 315-321

Б.А. Еркинбекова, Б.К. Исабек

История Сузакского восстания: причины и итоги

В конце 1920-х гг. с началом индустриализации и массовой коллективизации в оценках, которых до сих пор не сходятся ученые, облик Казахстана начал существенно меняться. Насилие, гнет, массовые репрессии с приходом большевиков, неоднократно приводили к вооруженным выступлениям. Наиболее массовыми были народные выступления в годы Гражданской войны и коллективизации. В конце 20-х – начале 30-х гг. XX века с разной интенсивностью народные восстания вспыхивали на всей территории СССР. Южно-Казахстанская область являлась одним из регионов, где Советской власти оказывалось наиболее ожесточенное сопротивление. Одним из таких восстаний является Сузакское восстание — народное движение против политических и экономических мер Советской власти в Сузакском районе Южно-Казахстанской области в период с 1928 по 1930 года. Изучение данной проблемы позволит не только собрать, проанализировать и упорядочить информацию по данному вопросу, но и ответить на вопрос по степени и формам участия народа в антибольшевистских выступлениях. Основной целью исследования является изучение и обобщение предпосылок, содержания и особенностей Сузакского восстания в Сузакском районе. В статье рассматриваются различные элементы политики большевиков, приводившие к народному восстанию, анализируются причины восстания, их ход и характер, а также факторы, приведшие к неудачному завершению восстания. А также, авторами данной статьи анализируются действия советских и партийных органов, направленные на предотвращение, локализацию и ликвидацию Сузакского восстания. Определяется основное направление народного движения в период коллективизации и конфискации, анализируются превентивные, а также ответные меры советских и партийных работников, их сторонников, направленные на борьбу с недовольством народа.

Ключевые слова: история Казахстана, Сузакское восстание, Сузакский район, коллективизация, национально-освободительное движение, крестьянское вооруженное выступление, крестьянство

B.A. Yerkinbekova, B.K. Issabek

History of the Suzak Uprising: causes and outcomes

At the end of the 1920s, with the onset of industrialization and mass collectivization, Kazakhstan began to change significantly, although scholars still disagree on the extent of these changes. Violence, oppression, and mass repression with the arrival of the Bolsheviks repeatedly led to armed uprisings. The most widespread were the popular uprisings during the Civil War and collectivization. In the late 1920s and early 1930s, popular uprisings broke out with varying intensity throughout the USSR. South Kazakhstan was one of the regions where the Soviet government faced the most fierce resistance. One such uprising was the Suzak uprising, a popular movement against the political and economic measures of the Soviet government in the Suzak district of South Kazakhstan from 1928 to 1930. Studying this issue will not only allow us to collect, analyze, and organize information on this topic, but also to answer the question of the degree and forms of popular participation in anti-Bolshevik protests. The main goal of the study is to examine and summarize the preconditions, content, and characteristics of the Suzak uprising in the Suzak district. The article examines various elements of Bolshevik policy that led to the popular uprising, analyzes the causes of the uprising, its course and nature, as well as the factors that led to its unsuccessful conclusion. In addition, the authors of this article analyze the actions of Soviet and party authorities aimed at preventing, localizing, and suppressing the Suzak uprising. The main direction of the popular movement during the period of collectivization and confiscation is determined, and the preventive and retaliatory measures taken by Soviet and party officials and their supporters to combat popular discontent are analyzed.

Keywords: history of Kazakhstan, Suzak uprising, Suzak district, collectivization, national liberation movement, peasant armed uprising, peasantry

References

- 1 Allaniiazov, T.K. (2022). Istoriia vooruzhennykh vystuplenii i povstancheskih dvizhenii 1929–1931 godov v Kazakhstane v noveishei literature (2001–2021 gody) [History of armed protests and insurgent movements of 1929–1931 in Kazakhstan in modern literature (2001–2021)]. *Istoricheskii kurer — Historical courier*, 1(21), 98-115 [in Russian].
- 2 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. R-5. — Op. 21. — D. 15. — L. 4–7.15 [in Russian].
- 3 Boranbai, Zh. (2011). *Sozaq koterilisi. Qazaq ult-azattyq qozgalysy. Kop tomdyq. 21 tom* [Sozak uprising / Kazakh national liberation movement. Multi-volume. Volume 21]. Astana: Poligrafiiia [in Kazakh].
- 4 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 2968. — L. 141-148 [in Russian].

- 5 Shymkentskii Gorodskoi Gosudarstvennyi Arkhiv. Delo o konfiskatsii imushchestv po Suzakskomu raionu [Shymkent City State Archive. Case of confiscation of property in the Suzak district]. — F. 93–74. — D. 3 [in Russian].
- 6 Kyrgyzbayev, O. (2003). *Sozaq koterilisi (dereker, estelikter)* [Suzak uprising (data, memories)]. Almaty: Arqas [in Kazakh].
- 7 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 17. — D. 471. — L. 229 [in Russian].
- 8 Baikadamov, N.S. (2001). Syrdariia okrugindegi kushtep uzhymdastyru zhane sharualardyn qarsylasu kozqalysy (1928-1932 zhzh.) [Forced collectivization and the peasant resistance movement in the Syrdarya region (1928-1932)]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 9 (1998). Arkhiv KNB RK [Archive of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan]. — Op. 189. — D. 39. — L. 358-358. V knige: *Nasilstvennaia kollektivizatsiia i golod v Kazakhstane. Sbornik dokumentov* — In Book: *Forced collectivization and famine in Kazakhstan. Collection of documents, Almaty: Fond XXI vek* [in Russian].
- 10 Rustemov, M. (1990). Sozaq koterilisi [Sozak Uprising]. *Sotsialistik Qazaqstan — Socialist Kazakhstan, 24 shilde* [in Kazakh].
- 11 Baqtorazov, S.U. (2022). *Qazaqstannyn Ontustik onirinde zhurgizilgen saiasi qugyn-surgin (1917–1939)* [Political repressions in the Southern regions of Kazakhstan (1917–1939)]. Almaty: Daryn baspasy [in Kazakh].
- 12 Kozybayev, M. (2000). *Kazakhstan na rubezhe vekov: razmyshleniia i poiski* [Kazakhstan at the turn of the century: reflections and searches]. Almaty [in Russian].
- 13 Omarbekov, T. (1994). *Zobalan: (Kushtep uzhymdastyruqa qarsylyq. 1929–1931 zhyldary bolgan khalyq narazylygy)* [Zobalan: (Opposition to forced collectivization. Popular protests in 1929–1931)]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 14 AP RK [Archive of the President of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 5052. — L. 315–321 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Еркінбекова Ботакоз — PhD докторант, Ө. Жәнібеков атындағы педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0004-7831-3522>

Исабек Баршагүл — т.ғ.к., доцент, Ө. Жәнібеков атындағы педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>

Information about the authors

Yerkinbekova Botakoz — PhD Student, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0004-7831-3522>

Issabek Barshagul — Candidate of History Sciences, Associate Professor, O. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>